

Республиканың мемлекеттік мұқтажын қамтамасыз ету үшін қара металл сынықтары мен қалдықтарын дайындауды (тапсыруды) ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 мамыр 1993 ж. N 364. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Металл ресурстарының қайтарылмас шығындарын болғызбау, оларды халық шаруашылығының айналымына неғұрлым толық қолдану және металлургия өндірістерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республикада қара металл сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) кезінде Өнім беріп тұру туралы ережені қолданудың Ерекшеліктері (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі республиканың мемлекеттік мұқтажын қамтамасыз ету үшін қара металл сынықтары мен қалдықтарын дайындауды (тапсыруды) ұйымдастыру жөніндегі қабылданған шешімдердің іске асырылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтірілуі туралы Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 5 мамырдағы
N 364 қаулысымен
Бекітілген

Республикада қара металл сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) кезінде Өнім беріп тұру туралы ережені қолданудың Ерекшеліктері

Бұдан әрі текст бойынша - Ерекшеліктер.

1. Осы Ерекшеліктер Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 19 маусымдағы N 536 қаулысымен бекітілген Өнім беріп тұру туралы

ережеге сәйкес әзірленді және мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ мемлекет мұқтажы үшін қара металл сынықтары мен қалдықтарын дайындау жөніндегі акциялар мен сынықтар тапсырушы ұйымдардың бақылау пакетіне мемлекет иелік ететін акционерлік кәсіпорындардың міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

2. Кәсіпорындар мен металл сынықтарын тапсырушы ұйымдар өз күштерімен және құралдарымен N 2787-75 МемСТ-қа сәйкес металл сынықтарын жинауды, сақтауды және жөнелтуді қамтамасыз етуге міндетті.

3. Кәсіпорындар мен металл сынықтарын тапсырушы ұйымдар мемлекеттік мұқтажды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің немесе облыстар әкімдерінің тапсырмасымен белгіленген мөлшерде металл сынықтарын дайындауға (тапсыруға) Қайталамақараметтің облыстық кәсіпорындармен контрактілер (шарттар) жасасады. Металл сынықтарын дайындауға тапсырмалар болмаған жағдайда контрактілер (шарттар) қалыптасқан шаруашылық байланыстарына сәйкес тараптардың екі аралық келісімі бойынша жасалады.

Шарттарда металл сынықтарын тапсыру мерзімдері ай сайынғы шамамен біркелкі белгіленеді, мұның өзі металлургия өндірісі процесінің үздіксіздігіне байланысты болады.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері кәсіпорындар мен ұйымдардың металл сынықтарын дайындауды (тапсыруды) қамтамасыз етуге, сондай-ақ сол үшін кооперативтерді, шағын кәсіпорындар мен жеке адамдарды тарта отырып, олардың аумағындағы тұрмыстық және бос тек жатқан сынықтарды жинауға жәрдемдеседі.

5. Өздерінің кінәсі бойынша металл сынықтарын дайындау жөніндегі шарттық міндеттемелерін орындамаған металл сынықтарын тапсырушылар шарт жасасқан кәсіпорынға белгіленген тәртіппен жеткізілмеген металл сынықтары құнының 100 проценті мөлшерінде айыппұл төлейді.

6. Қайталамақарамет кәсіпорындары кәсіпорындар мен металл сынықтарын тапсырушы ұйымдарда металл сынықтары мен қара металл қалдықтарының жиналуына, сақталуына және тапсырылуына бақылау жасауды жүзеге асырады. Кәсіпорындар мен металл сынықтарын тапсырушы ұйымдар Қайталамақарамет қызметкерлеріне сынықтар құралымы жөніндегі құжаттаманы беруге және металл сынықтарын жинау мен сақтаудың жағдайларын тексерулеріне мүмкіндік туғызуға міндетті.

Металл сынықтарын жинаудың, сақтау мен жөнелтудің (беріп тұрудың) белгіленген тәртібін бұзғаны анықталғанда Қайталамақарамет өкілі сынық тапсырушы ұйымның өкілімен бірлесе отырып, акт жасайды және ашылған кемшіліктерді жоюдың мерзімін белгілейді. Ашылған кемшіліктер мерзімінде

жойылмаған жағдайда Қайталамақарамет өкілі белгіленген тәртіппен істі мынадай мөлшерде айыппұл өндіріп алу үшін төрелік сотына береді:

металл сынықтарын жинау және сақтау тәртібін бұзғаны үшін сынық тапсырушылар жергілікті бюджетке оның құнының 100 проценті мөлшерінде айыппұл төлейді ;

металл сынықтарын жоюға әрекет еткені анықталғаны (жерге жасыру, су жиналымдарын тастау, үйінділерге апарып төгу және т. б.) және айналадағы ортаны ластағаны үшін тәртіп бұзушылардан жоюға (тығуға) апарылған металл сынықтары құнының 5 еселенген мөлшерінде айыппұл өндіріліп алынады.

Айыппұлдар Қайталамақарамет өкілінің ұсынуы бойынша табиғатты қорғауды қадағалау органдары тарапынан салынады да жергілікті бюджетке аударылады .

7. Мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ акцияларының бақылау пакетіне мемлекет иелік ететін акционерлік кәсіпорындардың металл сынықтарын экспортқа беріп тұруы лицензиясы Қазақ республикалық "Қайталамақарамет" өндірістік жалгерлік бірлестігімен келісілген жағдайда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 16 ақпандағы "Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды (жұмыстар атқару мен қызмет көрсетуді) экспорттауды және импорттауды квоталау және лицензиялау туралы" N 118 қаулысында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.